



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2023 жылғы 3 мамырдағы
№ ДС-134***Құрметті депутаттар!**

Қоныс аудару саясатын реформалау және ішкі көші-қонды реттеу мәселесі бойынша сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

2022 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы (*бұдан әрі – тұжырымдама*) қабылданды.

Тұжырымдаманың бір бағыты – жұмыс күші артық және жұмыс күші тапшы өңірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті теңестіру үшін қазақстандықтардың ішкі ұтқырлығын ынталандыру, сондай-ақ трансферт арқылы жұмыс орындарын құру және бизнес-жобаларды солтүстік өңірлерде кеңейту.

Ағымдағы жылы «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін қосымша 18 мың жұмыс орындарын құру арқылы 17 мыңнан аса шағын кредит беру үшін 100 млрд теңге (*7 жылға 2,5%*), оның ішінде солтүстік өңірлерде 10,6 млрд теңгеден аса қаражат бөлінген.

Жалпы 7 жыл ішінде ауылдық жерлерде 350 мыңнан аса сапалы жұмыс орындары құрылады. Олардың көбі солтүстік өңірлерде ашылады, бұл қоныс аударушылар үшін аталған өңірлердің тартымдылығын көтереді.

Ағымдағы жылы зәкірлік өндірістік-инвестициялық жобаларды іске асыру үшін 100 млрд теңге қаражат бөлініп, 65-тен аса тауарлық-сүт фермаларының, оның ішінде солтүстік өңірлерде жұмыс күші артық өңірлерден мамандарды тарта отырып, 2 мыңдай жаңа жұмыс орындарын құру арқылы 45 ТСФ құрылысы жоспарланған.

2022 жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жол картасы шеңберінде 270 инвестициялық жоба үшін 241 млрд теңге, оның ішінде 2026 жылға дейін солтүстік өңірлерде 20,2 мың жұмыс орны құрылатын 1,3 трлн теңгеге 530 жоба арастырылған.

Жұмыспен қамтудың өңірлік карталарында 2023 жылы 947,8 мың адамды, оның ішінде ұлттық жобалар аясында 249 мың адамды, бос жұмыс орындарына 320 мың адамды, Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 жұмыс орны» бастамасы аясында 342 мың адамды жұмысқа орналастыру көзделген.

Қазіргі уақытта 315,7 мың адам, оның ішінде 139,9 мың адам ұлттық жобалар аясында, 82,3 мың адам бос жұмыс орындарына және 93,5 мың адам Мемлекет басшысының бастамасы аясында жұмысқа орналасты.

Бұдан басқа, ағымдағы жылы жұмыспен қамту шараларымен солтүстік өңірлерге 2 мыңға жуық оңтүстік өңірлердің тұрғындары қоныстандырылды.

Қоныс аударуды ынталандыру мақсатында оңтүстік өңірлерде солтүстік өңірлердің жұмыс берушілерін тарта отырып, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіледі. Мысалға, ағымдағы жылы Түркістан, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында және Алматы қаласында «АМАНАТ» партиясының филиалы өкілдерінің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізілді.

Бұдан басқа, этникалық көші-қонды реттеу бойынша әдістер қайта қаралды. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, шетелде тұратын этникалық қазақтардың қандас мәртебесін алуға өтінішін ҚР СІМ шетелдегі мекемесі арқылы еліміздің аумағында қандастарды «бір терезе» қағидаты бойынша орналастырудың жаңа механизмі енгізілді.

Жаңа механизм пилоттық режимде бірқатар елдерде іске асырылуда. Этникалық қазақтар елге келгенге дейін өздері келетін өңірлер бойынша, жұмыс орындары, бос жер учаскелері, әлеуметтік-инфрақұрылыммен қамтылғандығы туралы консультация алады.

Қазіргі уақытта солтүстік өңірлерге көшу үшін 771 (237 отбасы) этникалық қазақтан өтініш қабылданды, оның 368-і (111 отбасы) рұқсат алды.

Қазіргі мемлекеттік қолдау шараларына қоса (*көшуге материалдық көмек, тұрғын үй жалдауға және коммуналдық шығындарды өтеуге субсидия*), жұмыс орнының бар екені расталса, ағымдағы жылдан бастап тұрғын үй алу үшін экономикалық ұтқырлық сертификаты қосымша ұсынылады (*сатып алу, салу, алғашқы жарна алу*).

Сертификат қоныс аударушының/қандастың өзіне беріледі, бұл азаматтарға өз бетінше солтүстік өңірлерде тұрғын үй таңдауына мүмкіндік береді.

Анықтама: сертификатқа 2023 ж. бюджеттен 10,1 млрд теңге бөлінді.

Жоғары аудиторлық палата қоныс аудару шараларының тиімділігіне үнемі талдау жүргізіп тұрады, оның нәтижесі бойынша халықаралық тәжірибе ескеріліп, заңнаманы жетілдіру және түпкілікті нәтижелердің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданады.

Сонымен бірге, Үкімет Парламент Мәжілісінің депутаттарымен бірге қоныс аудару саясатын жетілдіру және ішкі көші-қонды реттеу жөнінде сындарлы ұсыныстар әзірлеуге дайын екендігін білдіреді.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам
Мажиліса Парламентта
Республики Казахстан**

На № ДС-134
от 3 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш депутатский запрос по вопросу реформирования политики переселения и регулирования внутренней миграции, сообщаем следующее.

В 2022 году по поручению Главы государства принята новая Концепция миграционной политики на 2023 – 2027 годы (*далее – Концепция*).

Одними из направлений Концепции являются стимулирование внутренней мобильности казахстанцев между трудоизбыточными и трудодефицитными регионами, а также создание рабочих мест через трансферт и расширение в северных регионах действующих бизнес-проектов.

Для реализации проекта «Ауыл аманаты» в текущем году предусмотрено 100 млрд тенге для выдачи более 17 тыс. микрокредитов (*под 2,5 % на 7 лет*) с созданием дополнительных 18 тыс. рабочих мест, в т.ч. для северных регионов – более 10,6 млрд тенге.

В целом в течение 7 лет будет создано более 350 тыс. качественных рабочих мест в сельской местности. Большинство из них будет открыто в северных регионах, что повысит привлекательность данных регионов для переселенцев.

В текущем году якорным промышленно-инвестиционным проектам выделено порядка 100 млрд тенге, где предусмотрено строительство более 65 молочно-товарных ферм (*далее – МТФ*), в т.ч. на северные регионы – 45 МТФ с созданием порядка 2 тыс. новых рабочих мест с привлечением рабочих кадров из трудоизбыточных регионов.

В рамках реализации Дорожной карты по развитию агропромышленного комплекса в 2022 году предусмотрено 241 млрд тенге для 270 инвестиционных проектов, в т.ч. в северных регионах до 2026 года – 530 проектов на сумму 1,3 трлн тенге с созданием 20,2 тыс. рабочих мест.

Согласно региональным картам занятости в 2023 году планируется трудоустроить 947,8 тыс. чел., из них в рамках национальных проектов – 249 тыс. чел., на вакантные рабочие места – 320 тыс. чел., в рамках инициативы Главы государства «100 рабочих мест на 10 тысяч жителей» – 342 тыс. чел.

На сегодняшний день трудоустроены 315,7 тыс. чел., в т.ч. 139,9 тыс. в рамках национальных проектов, 82,3 тыс. на вакантные рабочие места и 93,5 тыс. в рамках инициативы Главы государства.

Кроме того, в текущем году в связи с реализацией мер занятости в северные регионы переселились порядка 2 тыс. жителей южных регионов.

В целях стимулирования переселения проводятся ярмарки вакансий в южных регионах с привлечением работодателей северных регионов. Так, в текущем году ярмарки вакансий проведены в Туркестанской, Кызылординской, Мангистауской областях и г. Алматы с участием представителей филиалов партии «АМАНАТ».

Кроме того, пересмотрены подходы по регулированию этнической миграции. С учетом международного опыта внедрен новый механизм расселения кандасов на территории страны по принципу «одного окна», с рассмотрением заявления этнических казахов, проживающих за рубежом, на получение статуса кандаса только через загранучреждения Министерства иностранных дел.

Новый механизм уже реализуется в пилотном режиме в ряде государств. Этнические казахи до въезда получают консультации по региону прибытия, наличию рабочих мест, свободных земельных участков, обеспеченности социальной инфраструктурой.

На сегодня принято 771 заявление (*237 семей*) от этнических казахов для переезда в северные регионы, из которых 368 (*111 семей*) получило одобрение.

Наряду с действующими мерами государственной поддержки (*материальная помощь на переезд, субсидии на найм жилья и возмещение коммунальных услуг*) с текущего года в регионах дополнительно предоставляется сертификат экономической мобильности для приобретения жилья (*покупка, строительство, первоначальный взнос*) в случае наличия подтвержденного рабочего места.

Сертификат предоставляется непосредственно переселенцу/кандасу, что позволяет им самостоятельно выбрать жилье в северных регионах.

Справочно: в 2023 году на сертификаты из бюджета выделено 10,1 млрд тенге.

Анализ эффективности мер переселения проводится на постоянной основе Высшей аудиторской палатой Республики Казахстан, по результатам проверки принимаются меры по совершенствованию законодательства с учетом международного опыта и эффективности конечных результатов.

В то же время, Правительство выражает готовность совместно с депутатами Мажилиса Парламента разработать конструктивные предложения по совершенствованию политики переселения и регулирования внутренней миграции.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Смаилов